

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 маусымдағы № 350 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 8 маусымдағы
№ 350 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Шетелдің заңгерлік фирмаларын тарту практикасын реттеу және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бюджеттік ұйымдарына консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы № 982 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, министрліктері және ведомстволары құқықтық консультациялық көмек көрсетуге, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің соттарында немесе өзге органдарында мүдделерді білдіруге шетелдің заңды тұлғаларымен жасасатын барлық шарттар (келісімшарттар) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне алдын ала сараптауға ұсынылуы тиіс деп белгіленсін."

2. "Қазақстан Республикасының Президенті", "Жоғары үкіметтік" және "Үкіметтік" санатындағы жеделхаттарды жіберуге құқығы бар тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 тамыздағы № 785 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Президенті", "Жоғары үкіметтік" және "Үкіметтік" санатындағы жеделхаттарды жіберуге құқығы бар тұлғалардың тізбесінде:

"3. "Үкіметтік" санатындағы жеделхаттар" деген бөлімде:

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы";

он тоғызыншы абзац алып тасталсын.

3. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының мұқтаждары үшін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерін, біртұтас телекоммуникациялар желілерінің ресурстарын дайындау мен пайдаланудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 164 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 4-5, 53-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының мұқтаждары үшін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерін, біртұтас телекоммуникациялар желілерінің ресурстарын дайындау мен пайдаланудың ережесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қызмет көрсетудің жеке тәртібі белгіленетін ЖПТЖ-ның негізгі пайдаланушылары: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҚР ҰҚК), Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі – ҚР Қорғанысмині), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (ҚР ІІМ), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі (бұдан әрі – ҚР МКК), мемлекеттік кірістер органдары, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбе бойынша басқа да мемлекеттік органдар: Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) болып табылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Байланыс операторларының бөлімшелері ҚР ҰҚК, ҚР Қорғанысмині, ҚР ІІМ, ҚР МКК тиісті бөлімшелерімен осы Ережеге, байланыс саласындағы уәкілетті орган осы мемлекеттік органдармен бірлесіп шығаратын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзара іс-қимыл жасайды.";

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар төтенше жағдай жарияланған (облыстардың, аудандардың әкімшілік шекарасы шегінде) аудандарда ҚР ІІМ-нің құрылымдық бөлімшелеріне ЖПТЖ-ның арналарын беру тиісті шарттарды ресімдемей, басқа пайдаланушыларға қатысты басым тәртіппен (осы Ереженің 3 және 6-тармақтары) жүзеге асырылады. Осы кезеңде нақты көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу ҚР ІІМ-гі төтенше жағдайларды жою аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

21. Жылжымалы радиотелефон байланысы және радиобайланыс желілерінің қызметтерін көрсететін байланыс операторлары төтенше жағдайлар және олардың салдарын жою кезеңінде ҚР ПМ өтінімдері бойынша осы операторлардың қызмет көрсетуі кезінде қолданылған тарифтер бойынша кейін ақысы төленіп, қосымша радиоқұралдар мен терминалдар (абоненттік радиостанциялар) бөледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. ҚР Қорғанысмині, ҚР ҰҚК және ҚР ПМ-не бейбіт уақытта көрсететін қызметтер көлемі оларда соғыс уақытында да сақталады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. ҚР Қорғанысмині, ҚР ҰҚК және ҚР ПМ өздерінің байланыс тораптарын ЖПТЖ-ның байланыс тораптарына қосу желілерін, қосалқыларды қоса алғанда, дайындауды алдын ала жүзеге асырады.";

40-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Заңмен қорғалатын телефондық сөйлесулер, телеграфтық хабарлар құпиясын қозғайтын жедел іздестіру және қарсы барлау іс шаралары жүргізілген кезде байланыс операторлары жедел іздестіру және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органнан (ҚР ПМ, ҚР ҰҚК, ҚР Қорғанысмині, ҚР МКК), "Жедел-іздестіру қызметі туралы" және "Қарсы барлау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, прокурордың санкциясын көрсетуді талап етуге міндетті.".

4. "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі № 396 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 10, 97-құжат):

тақырыбының, кіріспенің және 1-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты дипломы сипаттамасының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреатының омырауға тағатын белгісі сипаттамасының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты куәлігі сипаттамасының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1195 қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

8. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Министрліктің заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Бірінші басшыны Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады."

9. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады."

10. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.10.2023 № 854 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 36, 410-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларында:

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Президенті Резиденциясының, Парламенттің, Сенат пен Мәжілістің, Үкіметтің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Конституциялық Кеңестің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік ұйымдардың ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы елшіліктерінің, халықаралық ұйымдардағы тұрақты өкілдіктерінің, сауда өкілдіктерінің, шетелдегі басқа да ресми мекемелерінің, шетелдегі мекемелерінің басшылары резиденцияларының ғимараттарында және болатын мемлекеттің протоколдық практикасына сәйкес көлік құралдарында - ұдайы;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары төрағаларының, Премьер-Министрдің, Мемлекеттік хатшының, Конституциялық Кеңес Төрағасының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының және жергілікті соттары төрағаларының, Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының, Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері басшыларының, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басшыларының, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері басшыларының кабинеттерінде – ұдайы;"

15-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының, Парламенттің, Сенат пен Мәжілістің, Үкіметтің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттарының, Қарулы Күштердің құрамаларының, әскери бөлімдерінің, бөлімшелері мен мекемелерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы елшіліктерінің, халықаралық ұйымдардағы тұрақты өкілдіктерінің, сауда өкілдіктерінің, шетелдегі басқа да ресми мекемелерінің, шетелдегі мекемелерінің басшылары резиденцияларының ғимараттарында –ұдайы;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары төрағаларының, Премьер-Министрдің, Мемлекеттік хатшының, Конституциялық Кеңес Төрағасының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының және жергілікті соттары төрағаларының, Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және

есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері басшыларының, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басшыларының, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері басшыларының кабинеттерінде – ұдайы;"

22-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенттің, Үкіметтің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және жергілікті соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің веб-сайттарында;"

26-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның Әкімшілігінің, Парламенттің, оның палаталары мен олардың аппараттарының, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталары Бюроларының, Үкіметтің және Премьер-Министр Кеңесінің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттарының, Қарулы Күштердің әскери құрамаларының, бөлімдерінің, бөлімшелері мен мекемелерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, жергілікті өкілді, атқарушы органдардың және өзге де мемлекеттік ұйымдардың мөрлері мен құжаттарының бланкілерінде;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенттің, Үкіметтің, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және жергілікті соттарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің веб-сайттарында орналастырылады."

12. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережеде:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Қаржы министрін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады."

13. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2023 № 759 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. "Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 тамыздағы № 1193 қаулысында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі көрсетілген Келісімнің 2-бабының 2-тармағына сәйкес Шанхай ынтымақтастық ұйымы Хатшылығының депозитарийін Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік күзет қызметі және Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының атынан оны орындау жөніндегі құзыретті органдар болып табылатынын хабардар етсін."

15. "Қылмысқа қарсы күрес саласындағы ақпарат алмасу туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 қарашадағы № 1899 қаулысында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі көрсетілген Келісімнің 1-бабының 3-тармағына сәйкес депозитарийге Қазақстан Республикасынан Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік күзет қызметі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелері (экономикалық тергеу қызметі) оны орындау жөніндегі құзыретті органдар болып табылатынын хабарласын."

16. "Қазақстан Республикасының әуежайларындағы арнайы бөлінген залдарда қызмет көрсетілетін адамдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № 625 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 41, 524-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуежайларындағы арнайы бөлінген залдарда қызмет көрсетілетін адамдардың тізбесінде:

37-тармақ алып тасталсын.

17. "Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 маусымдағы № 664 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Қазақстан Республикасының атынан Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді орындайтын құзыретті органдарда:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік күзет қызметі";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер және Қаржы мониторингі комитеттері".

18. "Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 49, 675-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларында:

16-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Объектілерді қорғау қызметін жасақтау үшін жақсы дене дайындығы, жалпы орта білімнен төмен емес білімі бар әскерге шақырылушыларды басым тәртіппен іріктеу жүзеге асырылады;"

19. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінде:

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару қағидастарына аннотациялар деген 2-бөлімде:

"Үкімет Қордың акционері ретінде" деген 1-тарауда:

4-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

20. "Қазақстан 2020: болашаққа жол" Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан 2020: болашаққа жол" Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында :

"Кіріспе" деген бөлімде:

екінші абзацтың орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"Мемлекеттік жастар саясатын дамыту пайымы" деген 1-бөлімде:

6-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"Мемлекеттік жастар саясатын дамытудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері" деген 2-бөлімде:

"Қазақстан-2050" Стратегиясын" іске асыруға жастарды тарту" деген 2-кіші бөлімнің орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

21. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 55-56, 544-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ережеде:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Министрді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады."

22 Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 936 қаулысымен.

23. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.

24. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Бірінші басшыны Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады."

25. "Сот бойынша ақталған адамға, қылмыстық істі тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген мүлктік зиянды төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 1218 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 71, 648-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Сот бойынша ақталған адамға, қылмыстық істі тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген мүлктік зиянды төлеу қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сот бойынша ақталған адамның, сол сияқты өздеріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауы, іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 32-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 32-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жәбірленушінің шағымының болмауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 32-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 32-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартқан не коммерциялық немесе өзге де ұйымның немесе уәкілетті органның басшысы адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызды кері қайтарып алған кезде, егер жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын заң қолданысқа енгізілген болса не Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын, іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы оған байланысты болатын заңды немесе өзге де құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда; егер адамға қатысты соттың нақ осы айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімі не соттың қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілейтін, күші жойылмаған қаулысы бар, егер адамға қатысты қылмыстық қудалау органының нақ осы күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысы бар адамға қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының;

"

26. "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымына зерттеу университеті мәртебесін беру және оның Даму бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 1051 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 526-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы зерттеу университетінің 2016 – 2020 жылдарға арналған даму бағдарламасында:

"Құқықтық негіз және басқару жүйесі" деген 2.3.1-бөлімде:

үшінші абзацтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

27. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2021 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. "Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бірінші

кезең 2016 – 2020 жылдар) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 203 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (бірінші кезең 2016 – 2020 жылдар):

3-жолдың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді

29. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.03.2019 № 142 қаулысымен.

30. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.07.2018 № 444 қаулысымен.

31. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.03.2019 № 142 қаулысымен.

32. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Министрді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады."

33. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеде:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Бірінші басшыны Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады."